

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 17 мамырдағы № 325 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мажілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

A. Мамин

жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне:

1) бүкіл мәтін бойынша "сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды)", "сауда-саттыққа (конкурстарға, аукциондарға)", "сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда)", "сауда-саттықтары (конкурстары, аукциондары)", "сауда-саттықтың (конкурстардың, аукциондардың)", "сауда-саттық (конкурстар, аукциондар)" деген сөздер "сауда-саттықты (аукциондарды)", "сауда-саттығын (аукциондарын)", "сауда-саттықтың (аукциондардың)", "сауда-саттыққа (аукциондарға)", "сауда-саттық (аукциондар)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 12-бапта:

13-1) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 19-1) тармақшамен толықтырылсын:

"19-1) орталық уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері – жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын орталық уәкілетті орган ведомствосының облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – аумақтық бөлімшелер);";

3) 14-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Орталық уәкілетті органның, орталық уәкілетті орган ведомствоның және аумақтық бөлімшелердің құзыреті";

1-тармақта:

3) және 14) тармақшалар алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 4-1), 4-2), 4-3), 4-4), 4-5), 4-6), 4-7), 4-8), 4-9), 4-10), 4-11), 4-12), 4-13), 4-14), 4-15) және 4-16) тармақшалармен толықтырылсын:

"4-1) әкімшілік-аумақтық бірліктерді құру және олардың шекараларын өзгерту, олардың шекараларын белгілеу және өзгерту жөніндегі жобаларды жасау жөніндегі жерге орналастыру жұмыстарын орындау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

4-2) жерге орналастыру жобасын әзірлеу бойынша жерге орналастыру жұмыстарын орындау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

4-3) шаруашылықшілік жерге орналастыру жобаларын орындау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

4-4) Қазақстан Республикасының табиғи азықтық алқаптарын ірі ауқымды (1:1000-1:100 000) геоботаникалық іздестіруді өткізу жөніндегі әдістемені әзірлеу және бекіту;

4-5) Қазақстан Республикасының жерлерін ірі ауқымды топырақ іздестірулерін жүргізу жөніндегі әдістемені әзірлеу және бекіту;

4-6) топырақтың жел эрозиясы байқалатын аудандарда топырақ-эрозиялық іздестірулерді жүргізу және жер участкерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар үшін эрозияға қарсы іс-шараларды жасау жөніндегі әдістемені әзірлеу және бекіту;

4-7) іздестіру жұмыстарында пайдалану үшін Қазақстан Республикасының жерін санаттар мен жарамдылық сыныптары бойынша сыныптау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

4-8) Қазақстан Республикасының жер мониторингін жүргізу жөніндегі әдістемені әзірлеу және бекіту;

4-9) электрондық жер-кадастрылық карталарды жасау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;

4-10) мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дереккорын жүргізу;

4-11) цифровық ауыл шаруашылығы карталарын жасау кезінде фотограмметриялық жұмыстар жөніндегі әдістемені әзірлеу және бекіту;

4-12) жерге орналастыру, жерді мемлекеттік есепке алу және жер кадастры мақсаттары үшін 1:10 000, 1:25 000 және 1:50 000 масштабтарда цифровық ауыл шаруашылығы карталарын жасау үшін аэрофотосуреттерді шифрсыздандыру жөніндегі әдістеме мен шартты белгілерді әзірлеу және бекіту;

4-13) топырақ іздестірулерін жүргізу және топырақ карталарын жасау жөніндегі әдістемені әзірлеу және бекіту;

4-14) топырақты бағалауды жүргізу әдістемесін әзірлеу және бекіту;

4-15) геоботаникалық зерттеулер жүргізу және геоботаникалық карталар жасау жөніндегі әдістемені әзірлеу және бекіту;";

4-16) жер пайдалану құқығын иеліктен шығару және беру кезінде жер пайдаланушы ауысқан кезде уақытша жер пайдалану (жалдау) шартын қайта ресімдеу қағидаларын әзірлеу және бекіту.";

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру";

мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Орталық уәкілетті органның ведомствоны өз қызметін орталық уәкілетті орган белгілеген құзыреті шегінде жүзеге асырады.

4. Аумақтық бөлімшелердің құзыретіне:

1) жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

2) мемлекеттік жер кадастры мен жер мониторингін жүргізудің дұрыстығына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

3) Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы орындалуы міндетті нұсқамалар немесе нұсқаулар беру;

4) осы Кодекстің 94-бабы 2-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес Мемлекеттік корпорацияға жер участесіне құқық ауыртпалығын белгілеуге және тоқтатуға нұсқама мен хабарлама жіберу;

5) жер заңнамасы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау;

6) осы Кодекстің 148-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша сотқа талап қоюды дайындау және беру;

7) пайдаланылмай жатқан не Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жатқан жерді анықтау және мемлекеттік меншікке алып қою;

8) егер құрылыш, пайдалы қазбалардың кен орындарын игеру, объектілерді пайдалану, геологиялық барлау және басқа да жұмыстар жер заңнамасын, жерді пайдаланудың белгіленген режимін бұза отырып жүзеге асырылып жатса, сондай-ақ бұл жұмыстар сараптамадан өтпеген немесе теріс қорытынды алған жобалар бойынша жүргізіліп жатса, оларды тоқтата туру;

9) осы Кодекстің 92 және 93-баптарына сәйкес занды күшіне енген сот шешімінің негізінде жер участеклері мәжбүрлеп алып қойылған тұлғалар туралы орталық уәкілетті органға ақпарат беру жатады.";

4) 14-1-баптың 4-тармағы алып тасталсын;

5) 17-баптың 2-1), 2-2) және 8-3) тармақшалары алып тасталсын;

6) 18-баптың 2-2), 2-3) және 8-3) тармақшалары алып тасталсын;

7) 19-баптың 4-1), 6) және 7) тармақшалары алып тасталсын;

8) 24-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік меншіктегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участекелері Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетелдіктер қатыспайтын заңды тұлғаларына жер пайдалану құқығында осы Кодексте белгіленген тәртіппен және шарттарда берілуі мүмкін.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участекелерін ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін мемлекеттік заттай гранттар ретінде жеке меншікке беруге жол берілмейді.

Шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, шетелдік заңды тұлғалар, сондай-ақ шетелдіктер қатысатын Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары, халықаралық ұйымдар, халықаралық қатысатын ғылыми орталықтар, сондай-ақ қандастар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участекелерін жеке меншік, сондай-ақ уақытша жер пайдалану құқығымен иелене алмайды.

Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының қатысуышыларының (акционерлерінің, мүшелерінің) құрамына шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам, шетелдік заңды тұлға, шетел қатысатын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы кірген кезде жеке меншік немесе жер пайдалану құқығы, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участекелеріне уақытша жер пайдалану құқығы осы Кодекстің 66-бабының нормаларына сәйкес иеліктен шығарылуға жатады.

Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының қатысуышы (акционері, мүшесі) болып табылатын тұлғада Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған кезде жеке меншік немесе жер пайдалану құқығы, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участекелеріне уақытша жер пайдалану құқығы осы Кодекстің 66-бабының нормаларына сәйкес иеліктен шығарылуға жатады.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участекелерін шетелдіктермен немесе азаматтығы жоқ адамдармен некеде тұрған (ерлі-зайыпты) Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке меншік немесе жер пайдалану құқығында беруге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының азаматтары шетелдіктермен немесе азаматтығы жоқ адамдармен неке қіған (ерлі-зайыпты болған) жағдайда, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участекелеріне меншік немесе жер пайдалану құқығы осы Кодекстің 66-бабының нормаларына сәйкес иеліктен шығарылуы тиіс.";

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Осы баптың 1-тармағында көзделген шектеулер жер участекелері орман өсіру мақсаттары үшін берілген жағдайда қолданылады.";

9) 26-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалардың бөлек меншігіне және жер пайдалануына:

халықтың мұқтаждықтары үшін пайдаланылатын және соларға арналған, оның ішінде облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдық елді мекендердің шекаралары шегіндегі шабындық алқаптар;

ортақ пайдаланылатын жолдар, оның ішінде шаруашылықаралық және мекенараалық маңызы бар, сондай-ақ ортақ пайдаланылатын жер участекелеріне қол жеткізуге арналған жолдар;

жер участекелерінің екі немесе одан да көп меншік иелері немесе жер пайдаланушылар бірлесіп пайдаланатын суландыру құрылыштары (суландыру каналдары, суагарлар, құдықтар, суат пункттері) алып жатқан жер участекелері берілмейді.

Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарда көрсетілген аумақтарда орналасқан жайылымдар жеке меншікке және уақытша жер пайдалануға берілмейді және жеке қожалықтың ауыл шаруашылығы малдарын жаюға халықтың мұқтаждықтары үшін ғана пайдаланылады.";

10) 33-баптың 1-тармағының бесінші бөлігі мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) кейінгі жер пайдалануға (қосалқы жалға) беруді қоспағанда, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде жер пайдалану құқығын иеліктен шыгарған және берген кезде талап етілмейді.

Жер пайдалану құқығын иеліктен шыгару және беру, егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, жер участекесі орналасқан жер бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнның, облыстық маңызы бар қаланың уәкілетті органын хабардар ету шартымен бес жылдық жалдау мерзімі өткеннен кейін жүзеге асырылады.

Хабарламаны ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердегі жерді пайдалану құқығын иеліктен шыгаруды және/немесе беруді жасаған жер пайдаланушы мәміле жасалған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде мәміленің нөмірі мен күнін көрсетіп, жазбаша нысанда жібереді.

Жер пайдалану құқығын иеліктен шыгарған және берген кезде уақытша жер пайдалану (жалдау) шартын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнның, облыстық маңызы бар қаланың уәкілетті органы азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде бастапқы жалдау мерзімі өткенге дейінгі мерзімге жаңа жер пайдаланушыға қайта ресімдейді.

Жер пайдалануши ауысқан кезде жер участекесіне уақытша жер пайдалану құқығы жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы заңнамада белгіленген тәртіппен уақытша жер пайдалану (жалдау) шарты тіркелген кезден бастап туындаиды.

Көрсетілген жағдайларда жер участекесіне көрсетілген уақытша жер пайдалану құқығын иеленген жер пайдалануши жер участекесін уақытша жер пайдалану (жалдау) шарты бойынша жалға берушінің алдында жауапты болады.

Бұл ретте шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін Қазақстан Республикасының азаматында, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін шетелдіктер қатыспайтын Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасында уақытша жер пайдалану құқығында болуы мүмкін ауыл шаруашылығы мақсатындағы

жер участеклерінің жалпы жиынтық мөлшері осы Кодекстің 50-бабының 4-тармағына сәйкес белгіленген шекті мөлшерден аспауға тиіс.

Көрсетілген мөлшерден асып кеткен жағдайда уақытша жер пайдалану құқығы осы Кодекстің 66-бабының нормаларына сәйкес қайта ресімделуге немесе иеліктен шығарылуға жатады.";

11) 37-бапта:

5-тармақтың 5) тармақшасындағы "мерзімге беріледі." деген сөздер "мерзімге;" деген сөзben ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) орман өсіру мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының азаматтарына және шетелдіктер қатыспайтын Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес занды тұлғаларына қырық тоғыз жылға дейінгі мерзімге;

7) осы Кодексте және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де жағдайларда беріледі.";

12) 43-бапта:

1-1-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жергілікті атқарушы органдар бос жер участеклері және жоспарланатын сауда-саттық (аукциондар) жөніндегі ақпаратты интернет-ресурста (мамандандырылған геоакпараттық порталдарды қоса алғанда) және халыққа қолжетімді жерлердегі арнағы ақпараттық стендерде деректерді тоқсан сайын жаңартып отыру кезеңділігімен орналастыруға міндетті.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жер участеклерін меншікке немесе жер пайдалануға беруді облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері осы Кодексте белгіленген өздерінің құзыреті шегінде жүзеге асырады.

Жер участексін беру туралы шешім жер комиссиясының оң қорытындысы және жерге орналастыру жобасы негізінде қабылданады. Жер участеклері қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтажы үшін сұралған жағдайда, жер участексін беру туралы шешім жер комиссиясының оң қорытындысы, жерге орналастыру жобасы және осы Кодекстің 120-бабы 1-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген мемлекеттік органдардың оң келісуі негізінде соңғы қорытынды келіп түскен күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде қабылданады.

Бұл ретте әзірленген және бекітілген жерге орналастыру жобасы және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтажы үшін жер участексіне құқық беру туралы шешімінің жобасы келісуші мемлекеттік органдарға жоғарыда көрсетілген шешімнің жобасы дайындалған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жіберілуге тиіс. Шешім

жобасын келісу шешім жобасы келіп түсken күnnен бастап он жұмыс күnі ішінде жүзеге асырылады. Шешім жобасына жер комиссиясының оң қорытындысы және бекітілген жерге орналастыру жобасы қоса беріледі.

Жер участкесін беруден бас тарту туралы шешім жер комиссиясының теріс қорытындысы негізінде жер комиссиясының хаттамалық шешіміне шағымдану мерзімі өткен кезден бастап үш жұмыс күnі ішінде қабылданады.

Жер участкелерін алып қою, оның ішінде осы Кодекстің 84-бабына сәйкес мемлекет мұқтажы үшін алып қою жағдайларын қоспағанда, жер участкесіне құқық беруден бас тарту облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнаның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдың, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің шешімімен ресімделеді және ол уәжді болуға тиіс.

Жер комиссиясының құрамын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнаның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары қалыптастырады және тиісті жергілікті өкілді органға бекітуге жібереді. Жер комиссиясының құрамына:

1) жергілікті өкілді органдың депутаттары;

2) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнаның, облыстық маңызы бар қаланың уәкілетті органдың, тиісті жергілікті атқарушы органдардың сәулет және қала құрылышы, ауыл шаруашылығы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері;

3) қоғамдық кеңестердің, агроенеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік емес ұйымдардың және өзге де салалық мемлекеттік емес ұйымдардың, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдері;

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері кіреді.

Жер участкелері осы Кодекстің 43-1-бабына сәйкес берілген жағдайда, аудан, облыстық маңызы бар қала деңгейінде құрылатын жер комиссияларының құрамына:

1) аумағында жер участкесі орналасқан аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімі;

2) жергілікті қоғамдастық жиналышы жіберген, тиісті аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің жергілікті тұрғындарының өкілдері де кіреді.

Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана деңгейінде құрылатын жер комиссияларының құрамына қоршаған органды қорғау, ауыл және орман шаруашылығы, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті органдардың тиісті аумақтық бөлімшелерінің өкілдері де міндettі тұрде кіреді.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнаның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдың ұйғаруы бойынша жер комиссиясының құрамына басқа тұлғалар да кіруі мүмкін.

Жер комиссиясы тұрақты негізде жұмыс істейді. Жер комиссиясы мүшелерінің саны тақ болуға және тоғыз адамнан кем болмауға тиіс. Бұл ретте қоғамдық кеңестер, агрономикалық кешен саласындағы мемлекеттік емес ұйымдар және өзге де салалық мемлекеттік емес ұйымдар, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдары өкілдерінің саны жер комиссиясы мүшелері жалпы санының елу пайзынан кем болмауға тиіс.

Төрағаны және осы тармақтың алтыншы бөлігінің 2) және 4) тармақшаларында, жетінші бөлігінің 1) тармақшасында және сегізінші бөлігінде көрсетілген тұлғаларды қоспағанда, жер комиссиясының бүкіл құрамы келесі құнтізбелік он екі ай өткен соң ауыстырылып, жыл сайын бекітіледі.

Жер комиссиясының төрағасы болып әкімнің жер мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары тағайындалады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнаның, облыстық маңызы бар қаланың тиісті уәкілетті органы жер комиссиясының жұмыс органы болып табылады.

Жер комиссиясының хатшысы жұмыс органдың лауазымды адамдарының арасынан айқындалады. Жер комиссиясының хатшысы дауыс беруге қатыспайды.

Жер комиссиясының отырысы, егер оған комиссия құрамының жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, құқыққа сыйымды деп есептеледі. Бұл ретте қоғамдық кеңестердің, агрономикалық кешен саласындағы мемлекеттік емес ұйымдардың және өзге де салалық мемлекеттік емес ұйымдардың, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қатысып отырған өкілдерінің саны жер комиссиясының қатысып отырған мүшелері жалпы санының кемінде елу пайзын құрауға тиіс. Жер комиссиясының мүшелері оның отырыстарына алмасу құқығынсыз қатысады.

Жер комиссиясының шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

Дауыс беру нәтижелері отырысқа қатысып отырған жер комиссиясы мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен айқындалады және егер оған жер комиссиясы мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, шешім қабылданды деп есептеледі.

Жер комиссиясының шешімімен келіспеген жағдайда, жер комиссиясының мүшесі ерекше пікірін білдіруге құқылы, бұл жазбаша түрде баяндалуға және жер комиссиясының шешіміне қоса берілуге тиіс.

Жер комиссиясының отырысы аудио-, бейнежазба құралдарының көмегімен міндетті түрде тіркеледі. Жер комиссиясының отырысын аудио-, бейнежазба құралдарымен тіркеуді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнаның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органды жүзеге асырады. Жер комиссиясы отырысының барысын тіркеуді қамтамасыз ететін аудио-, бейнежазба құралдарын техникалық қолдану, аудио-, бейнежазбаны сақтау тәртібін, сондай-ақ аудио-, бейнежазбага қол жеткізу тәртібін орталық уәкілетті орган айқындайды.

Жер комиссиясының қорытындысы облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнаның, облыстық маңызы бар қаланың тиісті уәкілетті органы жер комиссиясына сұралып отырған жер участекесін аумактық аймақтарға бөлуге сәйкес мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігі туралы немесе жер участекесін алдын ала таңдау (елді мекен шегінде объектілер салуды қоспағанда, объектілер салу үшін жер участекесі сұралған кезде) берілген кезден бастап екі жұмыс күні ішінде хаттамалық шешім нысанында үш данада жасалады.

Жер комиссиясы қорытындысының бір данасы қол қойылған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде өтініш берушіге (оның өкіліне) қолма-қол тапсырылады, тапсырылғаны туралы хабарламамен не электрондық цифрлық қолтаңба қойылған электрондық құжат арқылы өтінім берушінің электрондық поштасының мекенжайы бойынша тапсырысты пошта жөнелтілімі нысанында жіберіледі.

Жер комиссиясының хаттамалық шешіміне өтініш беруші оны алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде қарсылық беруі мүмкін.

Өтініш беруінің жер комиссиясының хаттамалық шешіміне қарсылық беруі оған заңнамада белгіленген мерзімде шағым жасалғанға дейін оның орындалуын тоқтата турады.

Жер комиссиясының оң қорытындысы негізінде өтініш беруші жерге орналастыру жобасын дайындаиды.

Осы Кодектің 43-1-бабына сәйкес берілетін жер участекелерін қоспағанда, жер комиссиясының оң қорытындысының қолданылу мерзімі ол қабылданған күннен бастап бір жылды құрайды. Бір жылдық мерзімді өткізіп алу жергілікті атқарушы органның жер участекесіне құқық беруден бас тарту туралы шешім қабылдауы үшін негіз болып табылады.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Жер комиссиясының жұмыс органды жер комиссиясының хаттамалық шешімдерінің көшірмелерін облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнаның, облыстық маңызы бар қаланың тиісті уәкілетті органының интернет-ресурсында ай сайын орналастыруға міндетті.

Осы тармақтың ережелері осы бапта және осы Кодектің 43-1, 44, 44-1 және 45-баптарында көзделген тәртіппен берілетін жер участекелеріне, сондай-ақ осы Кодектің 48-бабына сәйкес сауда-саттық (аукциондар) өткізілген жер участекелеріне қолданылады.
";

6-1-тармақ мынадай редакцияда жазылды:

"6-1. Жер участекесіне құқық беруді сауда-саттықта (аукциондарда) жузеге асыру қажеттігі себебіне байланысты осындай құқық беруден бас тартылған жағдайда, облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнаның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органды, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі сұралып отырған жер участекесі бойынша

сауда-саттықты (аукционды) жер участекесіне құқық беруден бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап құнтізбелік тоқсан күннен кешіктірмей өткізуге тиіс.";

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7.1. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдының, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің жер участекесіне құқық беру туралы шешімінің жобасы мыналарды қамтуы тиіс:

жерге құқық берілетін заңды немесе жеке тұлғаның атауы;

жер участекесінің нысаналы мақсаты;

жер санаты;

жер участекесінің ауданы;

жерге құқық түрі, ауыртпалықтар, сервитуттар;

жер комиссиясының хаттамалық шешімінің нөмірі мен күні;

жер участекелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларының бекілген нөмірі мен күні;

жеке қосалқы шаруашылық үшін берілетін жер участекесі үлесінің түрі;

учаске ақыға берілген жағдайда, жер участекесін немесе жер пайдалану құқығын сатып алу бағасы, жер участекесін сатып алу-сату шарттарын жасау мерзімдері мен талаптары;

жер участекелерінің мөлшері көрсетіле отырып, оларды алып қою, мемлекет мұқтаждықтары үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару жүргізілетін жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі немесе заңды тұлғаның атауы;

жер участекесінің бөлінетіндігі (бөлінбейтіндігі) туралы мәліметтер;

қажет болғанда жер участекесін берумен байланысты өзге де мәліметтер қамтылуы мүмкін.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін азаматтар мен заңды тұлғаларға бұрын қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген жер участекелеріне құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттары Қазақстан Республикасының жер заңнамасында белгіленген жер участекелеріне құқықтардың өзгеруі ескеріле отырып, заңдық құшін сақтайды.

Осы Кодекске сәйкес мұндай құжаттарды жер участекелеріне меншік құқығын немесе жер пайдалану құқығын куәландыратын құжаттарға ауыстыру құқық иеленушілердің қалауы бойынша жүзеге асырылады.

Елді мекендердің әкімшілік-аумақтық құрылышы өзгерген жағдайда, мемлекеттік органдардың шешімі бойынша (немесе шекаралары (шектері) өзгерген жағдайда, жер участекелерін елді мекендер шегіне қосқан кезде) мұндай жер участекелерінің сәйкестендіру құжаттарын ауыстыру бюджет қаражаты есебінен (немесе өтеусіз) жүзеге асырылады.

Мұндай құжаттарды ауыстыру жер участексіне құқықтарды қайта ресімдеу жағдайлары туындаған кезде не азаматтық-құқықтық мәмілелер жасалған кезде немесе өзге де жағдайларда жүзеге асырылады.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Жергілікті атқарушы органдар жер участексін алған тұлғалардың тізімдері бар ақпаратты жер участексін беру негізін, нысаналы мақсатын, ауданын, орналасқан жерін, құқық түрін, жалға алу мерзімін көрсете отырып, халыққа қолжетімді жерлердегі арнайы ақпараттық стендтерде, сондай-ақ өзінің интернет-ресурсында және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнның, облыстық маңызы бар қаланың тиісті уәкілетті органының интернет-ресурсында ай сайын, ал тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында тарапатын мерзімді баспасөз басылымдарында кемінде тоқсанына бір рет жариялау арқылы орналастыруға міндетті.

Осы тармақтың ережелері осы бапта және осы Кодектің 43-1, 44, 44-1 және 45-баптарында көзделген тәртіппен берілген жер участеклеріне, сондай-ақ осы Кодектің 48-бабына сәйкес сауда-саттыққа (аукциондарға) шығарылатын жер участеклеріне қолданылады.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участеклері бойынша осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген деректер мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің интернет-ресурсында ашық қолжетімділікте орналастырылады.";

13) 43-1-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер участеклерінің тізбесін ауданнның, облыстық маңызы бар қаланың уәкілетті органы осындағы жер участеклерін беруге бұрын түскен өтінімдерді ескере отырып қалыптастырады және бұл қоғамдық кеңестермен, агроОнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік емес ұйымдармен, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен келісіледі.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2.1. Конкурсқа шығарылатын жер участеклерінің шекті мөлшері жергілікті жердің ерекшеліктеріне қарай аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың өкілді және атқарушы органдарының, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдерінің бірлескен шешімдерімен айқындалады.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың

жәнімпазын жер комиссиясы тиісті өлшемшарттарды ескере отырып, балл беру арқылы конкурстық ұсыныстарды салыстыру негізінде айқындайды.

Осы ауданда, қалада, ауылда, кентте кемінде 5 жыл тұратын адамдар өздерінің конкурстық ұсыныстарына қосымша балл беру арқылы жер участекін алудың басым құқығын пайдаланады.

Жер комиссиясы конкурстық ұсыныстарды бағалайды, салыстырады және жеңіп алған конкурстық өтінімді айқындайды.";

14) 44-баптың 6-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-1. Жер участекіне құқық беруді сауда-саттықта (аукциондарда) жүзеге асыру қажеттігі себебіне байланысты осындай құқық беруден бас тартылған жағдайда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органды, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі сұралып отырған жер участекі бойынша сауда-саттықты (аукционды) жер участекіне құқық беруден бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірмей өткізуге тиіс.";

15) 44-1-баптың 4-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-1. Жер участекіне құқық беруді сауда-саттықта (аукциондарда) жүзеге асыру қажеттігі себебіне байланысты осындай құқық беруден бас тартылған жағдайда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органды, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі сұралып отырған жер участекі бойынша сауда-саттықты (аукционды) жер участекіне құқық беруден бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірмей өткізуге тиіс.";

16) 45-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жер участекіне құқық беруді сауда-саттықта (аукциондарда) жүзеге асыру қажеттігі себебіне байланысты осындай құқық беруден бас тартылған жағдайда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органды, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі сұралып отырған жер участекі бойынша сауда-саттықты (аукционды) жер участекіне құқық беруден бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірмей өткізуге тиіс.";

17) 48-баптың 6 және 6-1-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Осы Кодекстің 48-1-бабында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, жер участекін немесе жер участекін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) ұйымдастыру мен өткізу, оның ішінде электрондық түрде өткізу тәртібін орталық уәкілетті орган айқындайды.

6-1. Жер участекіне құқық беруді сауда-саттықта (аукциондарда) жүзеге асыру қажеттігі себебіне байланысты осындай құқық беруден бас тартылған жағдайда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнның, облыстық

маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органды, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі сұралып отырған жер участесі бойынша сауда-саттықты (аукционды) жер участесіне құқық беруден бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірмей өткізуге тиіс.";

18) 66-баптың 2-тармағы төртінші бөлікпен мынадай мазмұндағы толықтырылсын:

"Осы Кодекстің талаптарын бұза отырып, жеке және (немесе) занды тұлғалар жасаған мәмілелер жарамсыз болады.";

19) 79-бапта:

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3.1. Шартты жер үлестері есебінен қалыптастырылған жер участесін кепілге салуға осындай үлестер иелерінің келісімімен ғана жол беріледі. Мұндай келісуді әлеуетті кепіл беруші дербес қамтамасыз етеді. Мұндай келісім болмаған жағдайда кепілге беруге жол берілмейді.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жер участесін немесе жер пайдалану құқығын кепілге салу үшін жеке және занды тұлғалар ықтимал кепіл ұстаушыға:

жер участесіне құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттарын;

ортак бірлескен меншікке немесе ортақ бірлескен жер пайдалануға қатысушылардың нотариаттық тәртіппен куәландырылған жазбаша келісімін;

шартты жер үлестері есебінен қалыптастырылған жер участеклерінің шартты жер үлестері иелерінің нотариат тәртібімен куәландырылған жазбаша келісімін;

жер участесіне тіркелген құқықтар (құқық ауыртпалықтары) туралы құқықтық кадастрың мәліметтерін береді.

Жер участесінің бір бөлігін немесе оған жер пайдалану құқығын кепілге беру кезінде жер участесінің жалпы жоспарында оның кепілге беруге көзделген бөлігі көрсетілуге тиіс.

Бұл ретте, осы баптың 4-тармағының үшінші бөлігінде көзделген жағдайды қоспағанда, жер пайдалану құқығы кепілі кезінде мемлекеттік мемлекеттік меншіктегі жер участесі меншік иесінің келісімі талап етілмейді.

Осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген құжаттар мен мәліметтердің тізбесі толық болып табылады.";

20) 84-баптың 2-тармағының 4-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-1) "Жайылымдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 1-тармағына сәйкес жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін халықтың мұқтажын қанағаттандыру үшін жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарда көрсетілген аумақтарда орналасқан жайылымдық алқаптарға халықтың мұқтажын қанағаттандыру";

21) 92-баптың 3-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1. Осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген жер участесі мақсаты бойынша пайдаланылмаған кезеңдерге:

жер участесін орналастыру аумағында белгіленген тәртіппен бекітілген қала құрылышы құжаттамасы (бас жоспарлар, егжей-тегжейлі жоспарлау және құрылыш салу жобалары, аумақтың жер-шаруашылық орналастыру жобалары), сондай-ақ инженерлік желілерге қосылу мүмкіндігі болмаған;

жер участесі еңсерілмейтін күштің немесе осындай пайдалануды болдырмайтын өзге де жағдайлардың салдарынан мақсаты бойынша пайдаланыла алмаған уақыт кірмейді.

Жер участесін нысаналы мақсаты бойынша пайдалануды болғызбайтын өзге де мән-жайларға жергілікті атқарушы органдардың жер участесін нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін болғызбайтын, белгіленген тәртіппен бекітілген бас жоспарларды, егжей-тегжейлі жоспарлау және құрылыш салу жобаларын өзгертуі жатады, сондай-ақ жергілікті атқарушы және уәкілетті органдардың меншік иелері мен жер пайдаланушылардың сәulet-жоспарлау тапсырмаларын алуға арналған өтінімдерін және табиғи монополия субъектілерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың инженерлік желілерге қосылуға арналған техникалық шарттарды және объектілерді салу кезінде көзделген өзге де келісу рәсімдерін алуға арналған өтінімдерін қараудағы әрекетсіздігі (егер мұндай әрекетсіздік сотта дәлелденсе) жатады.";

22) 96-1-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жер участеклері мәжбүрлеп алып қойылған тұлғалардың тізілімін қалыптастыруды және жүргізуі аумақтық құрылымдық бөлімшелер ұсынатын ақпараттың негізінде орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Аумақтық құрылымдық бөлімшелер осы Кодекстің 92 және 93-баптарына сәйкес занды күшіне енген сот шешімінің негізінде үш жұмыс күні ішінде орталық уәкілетті органға ақпарат жібереді, онда:

1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, оның жеке сәйкестендіру нөмірі;

2) занды тұлғаның атауы және оның бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

3) алып қойылған жер участесінің орналасқан жері, ауданы және нысаналы мақсаты ;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтың түрі мен құрамы;

5) сот шешімі қабылданған және оның занды күшіне енген күні көрсетіледі.

Орталық уәкілетті орган ақпаратты алған кезден бастап екі жұмыс күні ішінде оны жер участеклері мәжбүрлеп алып қойылған тұлғалардың тізіліміне енгізеді.";

23) 97-баптың 3-2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-2. Елді мекендердің жерін бас жоспарларына (немесе тұрғындарының саны бес мың адамға дейінгі елді мекендерді дамытудың және оларда құрылыш салудың осы жоспарларды алмастыратын схемасына) сәйкес кеңейту жағдайларын қоспағанда,

шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің нысаналы мақсатын жеке тұрғын үй құрылсы мақсаттары үшін, жеке қосалқы шаруашылық жүргізу, бау-бақша және саяжай құрылсы үшін өзгертуге жол берілмейді.";

24) 102-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жеке қосалқы шаруашылықты жүргізуге арналған жер участесі үй маңындағы және егістік телімдерден тұрады.

Үй маңындағы телім ауылдық елді мекендердің шекараларында (шегінде) беріледі және ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылсы және құрылымдық қызметті туралы заңнамасына сәйкес тұрғын үй, шаруашылық-тұрмыстық құрылыштар тұрғызы үшін пайдаланылады.

Егістік телім елді мекен аумақтарының жер-шаруашылық орналастыру жобасына сәйкес ауылдық елді мекендердің жерінен не әкімшілік бағынысқа берілген аумақтарда беріледі және ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін ғана пайдаланылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін берілетін жер участесі телімінің түрі жергілікті атқарушы органдардың жер участесіне құқық беру туралы шешімдерінде және сәйкестендіру құжаттарында көрсетіледі.";

25) 145-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды аумақтық бөлімшелер және өзге де уәкілдеп тұраған өздерінің құзыреті шегінде жүзеге асырады.";

5-тармақ алып тасталсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жердің пайдаланылуы мен қорғалуы жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың әкімшілік жаза қолдану туралы шешіміне осы Кодекстің 148-бабының 3-тармағына сәйкес шағым жасалуы мүмкін.";

26) 146-бапта:

1-тармақтың 4) тармақшасы алып тасталсын;

2-тармақтың екінші және бесінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Аумақтық бөлімшелердің басшылары тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлары болып табылады.";

"Орталық уәкілдеп тұраған ведомствоның, аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік бақылауды тікелей жүзеге асыратын өзге де лауазымды адамдары жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар болып табылады.";

27) 147-бапта:

такырып мынадай редакцияда жазылсын:

"147-бап. Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын аумақтық бөлімшелердің функциялары";

1, 2-1 және 2-2-тармақтар алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдар жердің пайдаланылуы мен қорғалуын, атап айтқанда:

1) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және облыстық маңызы бар қалалардың, аудандардың жергілікті атқарушы органдарының, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің Қазақстан Республикасының жер заңнамасы саласында қабылдаған шешімдерінің зандағыны;

2) жеке және занды тұлғалардың өтініштері бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың уәкілетті органдарының қабылдаған шешімдерінің зандағыны;

3) мемлекеттік жер кадастры мен жер мониторингінің дұрыс жүргізуін;

4) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және облыстық маңызы бар қалалардың, аудандардың жергілікті атқарушы органдарында, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінде жер участкесін алған адамдардың тізімдері бар ақпараттың уақтылы орналастыруын;

5) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және облыстық маңызы бар қалалардың, аудандардың жергілікті атқарушы органдарында, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінде сауда-саттықтың (аукциондардың) уақтылы өткізуін;

6) мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдар мен азаматтардың Қазақстан Республикасының жер заңнамасын, жер участкелерін нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланудың белгіленген режимін сақтауын;

7) жер участкелерін өз бетінше иеленіп алуға жол берілмеуін;

8) жер участкелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар құқықтарының сақталуын;

9) жер участкелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру және сақтау жөніндегі ұйымдастыру-шаруашылық, агротехникалық, орман мелиорациялық және эрозияға қарсы гидротехникалық іс-шаралар кешенін уақтылы және дұрыс жүргізуін;

10) жер участкелерінің иелері мен жер пайдаланушылардың жердің бар-жоғы, олардың жай-күйі мен пайдаланылуы туралы мәліметтерді мемлекеттік органдарға уақтылы беруін;

11) жердің жай-күйіне әсер ететін тұрғын және өндірістік объектілердің жобалануын, орналастыруын және салынуын;

12) жерді жақсарту, топырақ эрозиясының, түздану, батпақтану, су басу, шөлейттену, құрғақтану, тығыздалу, қоқыстану, ластану және жердің тозуын туғызатын басқа да процестердің салдарын болғызбау және жою жөніндегі іс-шаралардың уақтылы және сапалы орындалуын;

13) азаматтарға жер участекерін беру туралы олардың өтініштерін (өтінішхаттарын) қараудың белгіленген мерзімдерінің сақталуын;

14) межелік белгілердің сақталуын;

15) жергілікті атқарушы органдар уақытша жер пайдалануға берген жерлердің уақтылы қайтарылуын;

16) бұлінген жерлердің қалпына келтірілуін;

17) жердің бұлінуіне байланысты жұмыстар жүргізілген кезде топырақтың құнарлы қабатының сыдырып алынуын, сақталуын және пайдаланылуын;

18) жерге орналастыру жобаларының және жердің пайдаланылуы мен қорғалуы бойынша басқа да жобалардың жүзеге асырылуын мемлекеттік бақылауды жүргізеді;";

28) 148-баптың 1-тармағының 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасы жер заңнамасының бұзылуы туралы әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтыруға;

3) Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулылар шығаруға;

4) Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұзу салдарынан келтірілген залалды өтеу, өз мақсатында пайдаланылмай не Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жатқан жер участекерін мәжбүрлеп алып қою, жер участекерін беруге, мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға, нысаналы мақсатын өзгертуге, мәжбүрлеп иеліктен шығаруға байланысты құқыққа сыйымсыз шешімдердің күшін жою, сондай-ақ жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы берген нұсқамаларын осы нұсқама берілген тұлғалар нұсқамада көрсетілген мерзімде орынданаған не тиісінше орынданаған жағдайда оларды орындау туралы және жеке, лауазымды және занды тұлғалардан айыппұл өндіріп алу туралы мәселелер бойынша сотқа талап-арыз дайындауға және беруге;

5) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 147-бабы 3-тармағында көзделген құжаттарды ұсынған кезде ұйымдарға кедергісіз кіруге, меншіктегі және пайдаланудағы жер участекерін тексеруге, ал әскери, қорғаныс және басқа да арнаулы объектілер алып жатқан жер участекерін – оларға кірудің белгіленген режимін ескере отырып, тексеруге;

6) жер участекерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және облыстың

маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, аудандық (қалалардағы аудандардан басқа) атқарушы органдардың, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің және Мемлекеттік корпорацияның лауазымды адамдарына орындалуы міндettі Қазақстан Республикасы жер заңнамасы талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқама беруге;".

2. 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексіне:

1) 4-баптың 1-тармағының 38) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"38) орман иеленушілер – мемлекеттік орман қоры участеклері тұрақты жер пайдалану құқығымен берілген мемлекеттік үйымдар, сондай-ақ осы Кодекске сәйкес жекеше орман қоры участекі меншігінде болатын Қазақстан Республикасының азаматтары және шетелдіктер қатыспайтын Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес занды тұлғалары;";

2) 6-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жекеше орман қорына Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарына және Қазақстан Республикасының шетелдіктер қатыспайтын мемлекеттік емес занды тұлғаларына жеке меншігіне немесе ұзақ мерзімді жер пайдалануға орман өсіру үшін нысаналы мақсатымен берілген жерлерде, солардың қаражаты есебінен жасалған:

1) қолдан өсірілген екпелер;

2) табиғи тұқымдық және (немесе) вегетативтік жолмен пайда болған екпелер;

3) жекеше орман питомниктері;

4) арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер;

5) агрорман-мелиорациялық екпелер;

6) жеке меншіктегі шаруашылық автомобиль жолдарына бөлінген белдеулердегі қорғаныштық екпелер жатады.";

3) 8-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жекеше орман қоры жерлеріне Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтарына және Қазақстан Республикасының шетелдіктер қатыспайтын мемлекеттік емес занды тұлғаларына орман өсіру үшін нысаналы мақсатпен жеке меншігіне немесе ұзақ мерзімді жер пайдалануға берілген:

1) қолдан өсірілген екпелер;

2) табиғи тұқымдық және (немесе) вегетативтік жолмен пайда болған екпелер;

3) жекеше орман питомниктері;

4) арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер;

5) агрорман-мелиорациялық екпелер;

6) жеке меншіктегі шаруашылық автомобиль жолдарына бөлінген белдеулердегі қорғаныштық екпелер жатады.";

4) 23-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"23-бап. Жекеше орман иелену құқығының туындауы

Жекеше орман иелену құқығы оларға Қазақстан Республикасы азаматтарының және Қазақстан Республикасының шетелдіктер қатыспайтын мемлекеттік емес заңды тұлғаларының Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес жеке меншігіне немесе ұзақ мерзімді жер пайдалануға берілген жерлерінде туындаиды".

3. 2015 жылғы 29 қазанды Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне: 282-баптың 8-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-1. Инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік меншіктен жер участкелерін беру үшін жобаны инвестициялық деп айқындау тәртібін әзірлейді және бекітеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген тәртіп, басқалармен қатар, жер участкесін беруді тиісті өнірлік үйлестіру кеңесімен келісу рәсімін көздеуге тиіс".

4. "Телерадио хабарларын тарату туралы" 2012 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган, телерадио хабарларын таратуды техникалық қолдап отыру саласындағы уәкілетті орган және облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың және астананың, ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады";

2) 5-1-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды уәкілетті орган және телерадио хабарларын таратуды техникалық қолдап отыру саласындағы уәкілетті орган, сондай-ақ облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың және астананың, ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары олардың қызметі бойынша түрлі ақпарат көздерінен алған мәліметтерді салыстыру арқылы жүргізеді.

2. Теле-, радиокомпаниялар, телерадио хабарларын тарату операторлары және дара спутниктік және эфирлік қабылдау құрылғыларын таратушылар бақылау субъектілері болып табылады";

3) 7-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) осы Заңың 7-бабы 2-тармағының 3) және 5) тармақшаларында және 8-бабының 1-1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады";

4) 8-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың және астананың, ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары телерадио хабарларын тарату операторларының көрсетілетін қызметтеріне шартты қолжетімді карталарды және телерадио хабарларын тарату саласында лицензиясы жоқ және

Қазақстан Республикасының аумағында меншікті спутниктік хабар тарату жүйелері жоқ телерадио хабарларын тарату операторларының теле-, радиосигналын жеке қабылдауға арналған жабдықтарды таратуға тыйым салу бойынша талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.";

5) мынадай мазмұндағы 38-1-баппен толықтырылсын:

"38-1-бап. Телекоммуникация желілерін пайдалана отырып, телерадио хабарларын тарату (интернет-телерадио хабарларын тарату)

1. Телекоммуникация желісінде телерадио хабарларын тарату телекоммуникация хабарларының берілуін қамтамасыз ететін телекоммуникация қуралдары мен байланыс жолдарын пайдалана отырып, теле-, радиоарналарды тарату жүйесін білдіреді.

2. Телекоммуникация желілерінде теле-, радиоарналарды тарату теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензия негізінде жүзеге асырылады".

5. "Қазақстан Республикасының Жер кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-бапта:

3) тармақша алып тасталсын;

5) тармақшаның төртінші және бесінші абзацтары алып тасталсын;

6) тармақша алып тасталсын.

6. "Қазақстан Республикасы Жер кодексінің жекелеген нормаларының қолданысын және "Қазақстан Республикасының Жер кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының қолданысқа енгізілуін тоқтата тұру туралы" 2016 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

4) тармақшадағы "2021 жылғы" деген сөздер "2026 жылғы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бап. Қазақстан Республикасының Жер кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының қолданысқа енгізілуі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін тоқтатыла тұрсын".

7. "Жайылымдар туралы" 2017 жылғы 20 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 13-баптың 2-тармағының 8) тармақшасындағы "өзге де талаптарды қамтуға тиіс." деген сөздер "өзге де талаптарды;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге байланысты жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға халықтың мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін

қажетті жайылымдардың сыртқы шекаралары мен алаңдары белгіленген картаны қамтуға тиіс.";

2) 14-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарда көрсетілген аумақтарда орналасқан жайылымдар жеке меншікке және уақытша жер пайдалануға берілмейді және жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға халықтың мұқтажы үшін ғана пайдаланылады.";

3) 15-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарда көрсетілген аумақтарда орналасқан жайылымдар жергілікті халықтың ауыл шаруашылығы жануарларының аналық (сауын) мал басын ұсташа бойынша мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін беріледі.".

2-бап. Осы Заң 2021 жылғы 1 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК